Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Дидактикалық ойын. «Ағаштарды ата»** - зат есімдерді жекеше және көпше түрде атауға үйрету; -Балаларды әңгіме айтуға үйрету; **(Сөйлемді дамыту)** **"Суретті жина".** -Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасу дағдыларын қалыптастыру; ***(қоршаған ортамен таныстыру)*** Ойын әрекеті: бөлшектерді іздеу, болжау. **Сюжетті-рөлдік ойын**	**Дидактикалық ойын.** **«Не артық?»** -денелерді (шар) танып, атай білуге үйрету; **(математика негіздері)** -затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету **(сөйлемді дамыту)** -қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру **(қоршаған ортамен таныстыру)** «Біртұтас тәрбие»бағдарламасын іске асыру	**Дидактикалық ойын.** **«Зат неге ұқсайды?»** -аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау; **(сөйлемді дамыту)** -қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру **(қоршаған ортамен таныстыру)** **Лего ойыны. «Мұнара»** -Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажыратуға (текше, пластина, кірпіш, блок) үйрету; **(құрастыру)** **Сюжетті-рөлдік ойын** «Дәрігер, дәріхана, жедел жәрдем » **Міндеті:** Еңбекке баулу.	**Дидактикалық ойын.** **«Көліктер»** -әр түрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіруге бекіту **(қоршаған ортамен таныстыру)** -Берілген бағытта қозғалу бекіту.**(математика негіздері)** - өз бетінше қайталап айтуға үйрету. **(қазақ тілі)** **Сюжетті-рөлдік ойын** **«Зерттеушілер»** **«Ауаны зерттеу»** **Міндеті**: **Табиғатпен таныстыру.**Тірі және	*Жаңадан тақпақ, Аламыз жаттап.* *Жаңа жыл келді,* *Жаңа жыл аппақ* -тақпақтарды жаттауда түрлі интонацияларды қолдану **(көркем әдебиет)** **Сюжетті-рөлдік ойын** **«Жол ережесін сақтайық» тақырыбында әңгіме, сурет салу** **Міндеті:**«Балалар», «трамвай аялдамасы», «автобус аялдамасы», «жаяу жүргіншілер жолы», «велосипед жолы» белгілерін білу. Заттардың пішіндеріне, бөліктердің

	«Жүргізуші, гараж» құрастыру. **Міндеті:** Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. **Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру:**Өз бетінше ойдан құрастыруға баулу. **(Танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекеті)** **Қауіпсіздік ережесі «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы** **Сөздік қор (минимум)** Трамвай, автобус,бағдаршам	мақсатында ұлттық аспаптармен танысуды жалғастыру. Осы ааспатарды жапсыру. **Міндет**і: Музыкалық (сазсырнай, тұяқтас) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру. Қайшыны қолдануды бекіту: шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу. **(Шығармашылық іс-әрекеті, музыка)** **Сөздік қор (минимум)** Сазсырнай, тұяқтас аспап	Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. **(Танымдық іс-әрекет)** **Сөздік қор (минимум)** Дәрігер,дәріхана «ҚАУІПСІЗ АТТРАКЦИОНДАР.ОЙЫН-САУЫҚСАЯБАҒЫНДА ҚАЛАЙ ӘРЕКЕТЕТУКЕРЕК?»**https://youtu.be/JkUvKoOdlI?si=MRDSeGqaOjipP7Xr** **«ЖЕКЕҚАУІПСІЗДІК» ережесінен**	өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. **(Танымдық іс-әрекет,зерттеу іс-әрекеті)** ***Экологиялық тәрбие*** **Сөздік қор (минимум)** Ауа, зерттеу, көкөніс **Әңгімелесу"Үйді өрттен сақтайық"** **Қауіпсіздік ережесі жоспарынан** «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу**«Аударыспақ» ойыны** **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы**	салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру **(Танымдық іс-әрекет, Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті)** **Қауіпсіздік ережесі** **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы** **Сөздік қор (минимум)** Трамвай, автобус,бағдаршам «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу**«Теңге алу» ойыны** **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы**
Ертеңгілік жаттығу	1."Секіртпені соз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, жіптің шетінен ұстау. 1 секіртпені шетінен ұстап, қолды алға созу. 2 жоғары көтеру, 3 кеуде тұсына әкелу. 4 бастапқы қалыпқа келу. 2. "Сағаттың тілі" жаттығуы: Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, секіртпені екі шетінен ұстау, қолды жоғары көтеру. 1 оңға еңкею. 2 бастапқы қалыпқа келу. 3 солға еңкею. 4 бастапқы қалыпқа келу. 3. "Отыру" жаттығуы. Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпе, қол төменде. 1-2 екі тізені бір-бірінен алшақ қою, секіртпемен қолды жоғары көтеру, сәл иіліп отыру.				

	2 бастапқы қалыпқа келу. 4. "Бүгілу, майысу" жаттығуы. Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпені екі шетінен ұстап, алға созған күйде етпетінен жату. 1-3 артқа қарай иілу, бір мезгілде аяқты көтере (аяқтың ұшын соза) секіртпемен қолды алға қарай жоғары көтеру. 4 бастапқы қалыпқа келу. 5. "Еңкею" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, секіртпені екі ұшынан ұстау, қолды төмен түсіріп тұру. 1 заттардан аттап жүру. 2 секіртпемен еркін секіру. (дене шынықтыру, дербес әрекет)				
Таңғы ас	«Дұрыс тамақтаныңыз» - тамақты аузымен жабық шайнау, қажет болған жағдайда майлықты қолдану (мәдени-гигиеналық дағдылар)	«Менің қолым таза»- жеңдерін орап, киімді суламау, суды шашпау (мәдени-гигиеналық дағдылар)	«Түлкіге қолды қалай құрғату керектігін көрсетейік»- жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді (мәдени-гигиеналық дағдылар)	«Біз әдемі тамақтанамыз»- ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу (өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)	«Неліктен тамақтанғаннан кейін аузыңызды шаю керек» - үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану) (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Ұйымдастырылға іс-әрекетіне дайындық	**«Алғашқы қар»** Қар жауып тұр, алақай! Тысқа жүгір, балақай. Шаңғың болса, алып шық, Қыр басына барып шық. -Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға үйрету **(Көркем әдебиет)** -«бүгін» туралы ұғымдарын кеңейту **(математика негіздері) "Ағаштарды қар басты".** -жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті,қиалды	**«Менің отбасым»** -өзінің отбасы туралы айтуға баулу; -бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру; **(қазақ тілі)** -Балаларды әңгіме айтуға үйрету; **(сөйлеуді дамыту)** Дамытушылық үстел үсті ойындары : «Воскобович пішіндері», «Сложи узор», «Кьюнзер таяқшалары» (**Математика негіздері**)	***«Тында да айт»*** **Мақсаты:** айнала дағы заттардың дыбыстарын бір-бірінен ажырата білуге үйрету, фонематикалық есту қабілетін дамыту. -фонематикалық естуді дамыту; **(қазақ тілі)** **«Қоян»** *Аппақ қоян, ақ қоян,* *Сондай қорқақ,сақ қоян,* *Біздің үйге тығылсаң* *Сандығыма сап қоям!* -Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға үйрету **(Көркем әдебиет)**	**«Көліктер»** - зат есімдерді жекеше көпше түрде айтуға үйрету; (**сөйлеуді дамыту)** Дид/ойын: «Не жоқ?» **Міндеті:** балаларды ептілікке, шыдамдылыққа баулу. (**Қоршаған ортамен танысу**)	**Аспапты үнінен тап** **Мақсаты**: Есту қабілетін дамытып,аспаптарды үнінен ажырату қабілетін арттыру. **Көрнекіліктер:** Аккордеон, металлофон, қоңырау, үшбұрыш, ағаш қасықтар,домбыра..т.б **Шарты:** Шымылдықтың артындағы бала өзіне ұнаған аспабын ойнайды. Аспапты үнінен кім тапса,сол жеңімпаз

	дамыту; **(Жапсыру)** -қоршаған ортаның әсемдігіне қызығушылықты дамыту;**(сурет салу)** **Экологиялық тәрбие**				болады. ***(Музыка)***
Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету қимыл түрлерін өзгерте отырып, қимылды ойындарды ойнату.	**Музыка** «Мысық кашады, күшік қуады» Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айтуін жалғастыру, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).	**Дене шанықтыру** «Белсенді боламыз» Төменнен екі қолмен көлденең нысанаға домалатуды үйрету; 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеуді үйрету;	**Қазақ тілі** Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту,	**Дене шанықтыру** «Жылан» «Жыланша» жүруді үйрету; 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып секіруді үйрету; Үш дөңгелекті велосипедпен тура қозғалуды үйрету;
Серуенге дайындық	- Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге үйрету.	- Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру. **(дене шынықтыру)**Далаға киетін киімдерді дұрыстап кию, колготки, шұлық, шалбар, күрте киіп алғаннан кейін бас киім, аяқ киім дегенді соңына қалдыру өз заттарын шкафқа дұрыс орналастыру.	- Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру**. (дене шынықтыру)** **«Досымызға көмектесеміз»** Жолдасының киіміндегі ұқыпсыздықты көруге және оған өз көмегін ұсынуға үйрету.	**Киіну-шешіну** - Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(дене шынықтыру)** **Дағдылар** мазмұны: Балаларға түймелерді бекітуді үйретуді жалғастыру. көмек сұрауды сыпайы түрде білдіру.	**«Киіну-шешіну».** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. - Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру. **(дене шынықтыру)** Аяқ киім киюді, ересек адамның көмегімен пальто, күртеше тағуды және шкафта киім іліп қоюды үйрету. Шешінетін бөлмеде мінез-құлық ережелерін сақтауға үйретуді жалғастыру.

Серуен:	**Аспанды бақылау** - дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге үйрету. **(қазақ тілі)** **Мақсаты:**табиғаттың әдемілігін сезініп, «аспан» сөзімен таныстыру, табиғатқа деген сүйіспеншіл ікке тәрбиелеу, тілдерін дамыту. Тәрбиеші балалардың назарын аспанға аударады. Аспанның түсі ашық, көгілдір екендігін, онда ақ бұлттар, қалқиды. Олардың пішіндері әр түрлі болады, бұлттарды жел қозғайды. **Жұмбақ:** Бір түкті кілем Бір түксіз кілем (жер, аспан) **Мақал – мәтелдер**: Қарға қарқылдаса, қысты шақырады, Қаз қаңқылдаса, жазды шақырады. **Тақпақ «Аспанда»** Аспан бұлтқа толып кетті. Бұлттар түлік болып кетті. Бір бұлт шықты бие болып Бір бұлт шықты түйе болып **Экологиялық тәрбие**	**Желді бақылау** **Мақсаты:**балаларды табиғат құбылыстары, желдің соғуын, желдің бағытын, жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету. Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғаның бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау, ағаш бұтақтарының қозғалысын бақылау. **Жұмбақ:** Қанаты жоқ-ұшады Аяғы жоқ-қашады. (Жел) **Тақпақ: «Жел»** -тақпақтарды жаттауда интонацияларды қолдану **(көркем әдебиет)** Жел тынымсыз гуілдеп Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал, терек, Жапырағын жұлғызып. **Қозғалмалы ойын:** «Жел мен бұлттар» **Еңбек:**	**Ағаштар мен бұтақтарды бақылау** - **Мақсаты:** Өсімдіктердің ұқсастығы мен ерекшелігін ажыратуға үйрету. Жапырақсыз қалған өсімдікке назар аудару. Әсіресе қысты күні ағаштар мен бұталардың айырмашылығын жақсы көруге болатындығы туралы түсінік беру. Өсімдіктердің бір біріне ұқсастығы мен ерекшеліктерін табыңдар. Ауладан өздеріңе таныс өсімдікті тауып, атын атаңдар. Қастарына жақындап барып, қолдарыңмен ұстап сипаттап беріңдер. **Болжам:** қыста қар қалың болса, жазда егістік мол болады. **Мақал-мәтел:** Аяз мықты болса, мұрның қызарады. Тақпақ: «Қарағай» Көкке бойын созады, Көпке қолын созады. Кең құшағын ашады, Көлеңкесін тосады Көп қарағай,қарағай Мейірбанды анадай. **Қозғалмалы ойын: «Аңшы және қояндар»** **Еңбек әрекеті:** Тал түбі мен бұталардың түбіне	**Қар үстіндегі іздерді бақылау** **Мақсаты:** балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыш, ойлау қаситтерін қалыптастырып, толықтыра түсу. Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді? **Тақпақ: «Қыс»** (Абай) -тыңдалған шығармаларды мазмұнвн қайталап айтуға қысқа өлеңдерді жаттауда интонацияларды қолдану; **(көркем әдебиет)** Ақ киімді денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау танымас тірі жанды, Үсті – басы ақ қырау түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды. **Мақал:** Жемберсең қыста құсқа- сауабы тиер оның жазда. **«Қаршықтар»**	**Қар жауып тұрған құбылысты бақылау** **Мақсаты**: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады,-қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады. **Тақпақ :** Есік алды тайғанақ жата берсін. Біз оған теуіп жүрміз сырғанақ, Шыға беріп жалтақтай, Ұшып түсті қалпақтай. **Қимылды ойын:** «Аңшы мен қояндар» **Мақсаты**: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру. **Жеке жұмыс**: «Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыру. **Жұмбақ**: Құм сияқты ұсақ болғанымен, жер бетін жауып үлгереді. (қар) **Еңбек:** Тәрбиеші

	Сөздік қор (минимум) Аспан, бұлт,қарға	өсімдіктерді,көшеттерді қармен жабу. Мақсаты: өсімдікке деген қамқорлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Экологиялық тәрбие** **Сөздік қор (минимум)** Бұтақ, жел,шуылдайды	қарларды үйіп жинау. **Экологиялық тәрбие** **Сөздік қор (минимум)** Аяз, қар, қарағай	- мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету; **(мүсіндеу)** **Қардан кішкентай қаршықтар домалатып мүсіндеу.** **Қимылды ойын**: «Ақ қоян» **Мақсаты**: балаларды ептілікке баулу. **Жеке жұмыс:** бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегіні ойластыру. **Еңбек**: құстар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу. **Экологиялық тәрбие** **Сөздік қор (минимум)** Жемсалғыш, қаршық	жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады. **Экологиялық тәрбие** **Сөздік қор (минимум)** Қар, ауырлау, шана
Серуеннен оралу	**Біз ұқыпты шешінеміз»** шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен шешуге үйрету.	Балаларың реттілікпен киімдерін шешіп, сөрелеріне ұқыптап бүктеп жинауға, қолдарын жуу.	**Жуыну кезіндегі тақпақтар:** Жылы су, жылы су, Біздің қолымызды жу. Ақ сабын көпіріп, Біздің бетімізді жу.	**Жуыну кезіндегі тақпақтар:** Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен: Таңертеңде, кеште де, Жуын күндіз – түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында.	**Жуыну кезіндегі тақпақтар:** Жуын ұйықтар кезінде Жуын тұрған мезгілде. Су мен сабын – бір жолдас, Жоймас олар кір болмас!
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді

	тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы** Көркем сөз Үсті-басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)	жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы** Көркем сөз Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз. Қиынсынып қашпаймыз, Шынығамыз ертемен, Көңілді әуен сазымен, Жаттығуды бастаймыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)	ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы** Көркем сөз Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)	тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы** **Көркем сөз** Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дән саламын. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)	тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы** Көркем сөз Су ағызып шүмектен, Беті-қолды жуамын. Мойын, мұрын, құлақты, Тазалатып тұрамын! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)
Күндізгі ұйқы	«Жеті лақ пен қасқыр» ертегісін оқу. *(көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)*	«Үйшік» ертегісін оқу. *(көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)*	«Бауырсақ» ертегісін оқу. *(көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)*	«Әлди, әлди» бесік жырын қосу. *(көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)*	«Тиін мен қасқыр» ертегісін оқу. *(көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)*
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Сауықтыру-шынықтырушаралары:**Шынықтырудыңбарлықтүрлерінжалғастыру.Тынысалужолдарыншынықтыру **Салуатты өмір салтын қалыптастыру:** «Денсаулық-зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну.				
Бесін ас	**«Тамақ ішкенде сөйлемейміз» жаттығуы**.	**«Жылы су, жылы су» тақпақ қайталау.**	**«Құрғақ, жұмсақ орамал» ойын жаттығуы** Міндеттері: қол орамалды	**«Қасықты дұрыс ұстаймыз» жаттығуы** Міндеттері: Үстел	**«Қолымызды дұрыстап жуамыз» жаттығуы.**

	Міндеттері: Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгімпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеуге үйрету.	Міндеттері: Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе тақпақтарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталауға үйрету.	пайдалануға жаттықтыру	басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру.	Міндеттері:Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін дағдыландыру.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	геометриялық фигураларды және геометриялық денелерді көру және сипап сезу арқылы зерттейді, оларды ажыратады және атайды.	қазақ оюларының бөліктерінен, өсімдік және геометриялық пішіндерден өрнектер жасайды	5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды.	кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтайды**.**	туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді біледі.
Серуенге дайындық	Киім бөлмесінде мінез-құлық ережелерін сақтауға, сыпайы сөздерді қолдана отырып, көмек сұрауға үйретуді жалғастыру. Жаттығу «Біз қалай ретке келтіруді білеміз».	Балаларды сыртқы келбетін бақылауға, қол орамалын уақтылы қолдануға, ұқыптылыққа, тәуелсіздікке тәрбиелеуге шақыру	Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әр түрлі бекітпелерді қолдану қабілетін бекіту. Өлең оқу Успенский "Жеңіліс"	Балалардың өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, ұқыпты үйрету, аяқ киім қою, өздігінен аяқ киім кию. Ойын-сайыс « Шкафың ішін ретке келтіру".	Балаларды өз бетінше киінуге, аяқ киім киюге, бір-біріне мейірімді болуға, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға шақыруды жалғастыру. Дидактикалық жаттығу «Досқа қалай көмектесуге болады».
Серуен	Күндізгі серуенді жалғастыру				
Серуеннен оралу	Ойын: «Біз аюға киімді шкафқа қалай бүктеу керектігін көрсетеміз»-белгілі реттілікпен шешінуге (өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)	Маған көмектесудің қажеті жоқ – Күртешені өзім шешіп аламын, Етігімді өзім шешіп аламын Мен шкафқа суретпен қоямын. Мұқият тыңдаңыз: Мен тәуелсізбін -өз бетінше реттеуге (өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)	«Міне, біз!» ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу (өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)	" Біз киімге арналған шкафты қалай ретке келтіреміз» ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге (өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)	"Мен істей аламын!» үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану(мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру)

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**«Аққала»** -құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажыратуға (текше, пластина, кірпіш, блок)үйрету. **(құрастыру)** - Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. **(жапсыру)** -мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету, **(мүсіндеу)** Дид/ойын: «Жұбын тап» **Міндеті:** Геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. **(математика негіздері)** «Біз бақытты баламыз» әнін жаттау. **(Музыка)** Сурет салудан ойын-жаттығу "Жемістер". Мақсат-міндеттері. Балаларға қылқалам арқылы алма мен алмұртты бейнелеуді үйрету, дөңгелек және сопақша пішіндерді қылқаламның ұшымен салып, ішін баланың өзі қалаған қызыл, жасыл немесе сары бояулармен,	**«Жұлдызша»** -қағаздың парағын ортасынан бүктеуге үйрету. **(құрастыру)** Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету **(жапсыру)** - сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылық- ты дамыту.**(Сурет салу)** - мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету, **(мүсіндеу)** - олардың қасиеттері және қолдануы туралы түсініктерін кеңейту **(қоршаған ортамен таныстыру)** **Дидактикалық ойын «Оркестр»** -аспапты ойнауды үйрету-сылдырмақтармен және дыбысты ажырату; **(музыка)** «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу**«Үштабан» ойыны** **Міндеті:** Балалардың	**Дидактикалық ойын: «Сиқырлы дорба»** -тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру.**(құрастыру)** -өз бетінше ретімен қайталап айтуға үйрету; **(қазақ тілі)** -оның ір түрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардың тұратындығы туралы түсінік беру. **(математика негіздері)** **«Торсық»** -тұрмыстық заттарға қызығушылықты дамыту; **(сурет салу)** --мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету, **(мүсіндеу)** -түзу сызық бойымен алдымен қысқа,кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету **(жапсыру)** Тыңдау : С.С.Прокофьевтің «Вальсі» -таныс шығармаларды ажырата білуге үйрету; **(музыка)** «Жарқыл мен ғажайып көлік түрлері» Сюжетті-рөлдік ойыны **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы** **Сөздік қор (минимум)** Жылдам, бес, артық	**«Кілемше»** - Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылық ты дамыту.**(Сурет салу)** -Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. **(жапсыру)** **Қауіпсіздік ережелері** -қағаздың парағын ортасынан бүктеуге үйрету **(құрастыру)** И.Штраус поккидегі айналу-ырғақты жүгіру арқылы шерудің сипатын жеткізуге үйрету; **(музыка)** «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу**«Жаяу көкпар»ойыны** **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы** **Сөздік қор (минимум)**	**«Тостаған»** -тұрмыстық заттарымен таныстыру (күбі, тостаған, ожау, астау, диірмен) **(құрастыру)** -мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. **(мүсіндеу)** --Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. **(жапсыру)** **Қауіпсіздік ережелері** - сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылық-ты дамыту.**(Сурет салу)** - олардың қасиеттері және қолдануы туралы түсініктерін кеңейту **(қоршаған ортамен таныстыру)** -септеп қолдана білуге үйрету **(қазақ тілі)** -Балаларды әңгіме айтуға үйрету **(сөйлеуді дамыту)** «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу**«Ақсерек пен көксерек» ойыны** **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы** **Сөздік қор (минимум)** Тостаған, мүсін

	сұлбасының шетіне шықпай салу тәсілдерін игерту. Түсті қабылдауды дамыту "Түсті таны және ата". Мақсат-міндеттері. Түстерді атауды және бір-бірінен ажыратуды үйрету. **Сөздік қор (минимум)** Кірпіш, пішін, текше	асық ойынына деген қызығушылығын арттыру. Дені сау, білімді ұрпақ тәрбиелеу. **Сөздік қор (минимум)** **Аспап, ұзын-қысқа**		Ұлттық, кілемше	
Балалардың үйге қайтуы	кеңес:«Ата-аналармен тұмау туралы әңгімелесу». **Қауіпсіздік ережесі**	Кеңес:«*Ата-аналар дан ауа-райына сәйкес балаларды киіндірулерін сұрау*» **Қауіпсіздік ережесі**	Ата-аналармен сұхбат « Ертегі білеміз бе?»	Кеңес: «**Тәрбие-отбасынан**».	Үйге ата-аналар балаларымен дұрыс тамақтану туралы әңгімелесу **Қауіпсіздік ережесі**

Әдіскер

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: "Жан-Айниет" бөбекжай балабақшасы" жеке мекемесі

Топ : «Балауса» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы

Жоспар қандай кезеңге жасалды– 11.11.24 ж - 15.11.24 ж дейін

Тәрбиеші:

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 11.11.24**	**Сейсенбі 12.11.24**	**Сәрсенбі 13.11.24**	**Бейсенбі 14.11.24**	**Жұма 15.11.24**
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Қараша – әділдік және жауапкершілік айы **Апта дәйексөзі:** Тура биде туған жоқ!					
Топқа балаларды қабылдау кезінде күй қосу. **«Күй күмбірі»** - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру,қабылдау барысында және үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру.					
Балаларды қабылдау	«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы **«Біртұтас тәрбие»**	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу**«Үштабан»**	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу**«Асық қаршу»**	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу**«Бес табан»**	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу**«Асық ату» (Хан**

	бағдарламасы Дидактикалық ойын:«Үй жануарлары» мнемокестемен жұмыс **Міндеті: Шығармашылық сөйлеу қызметі.**Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру. **Ойын шарты**: Дөңгелене отырып, ғажайып қалтадан үй жануарларын алып, мнемокесте бойынша сипаттап айту. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** Саусақ моторикасын дамыту, Қағаздан ит құрастыру. Қағазды ортасынан, төртке бөліп бүктеуге, түрлі бағытта, тегістеп бүктей білуге үйрету. **(Шығармашылық іс-әрекеті) Сөздік қор (минимум)** Бүкте, ит, денесі	**ойыны Міндеті:** Балалардың асық ойынына деген қызығушылығын арттыру. Дені сау, білімді ұрпақ тәрбиелеу. **Шарты: «**Үштабан**»** ойынын бір жолда бірнеше бала ойнай береді. Онда ойыншылар қолдарына бір-бір сақа алып, әр ойынға бірден, тіпті бірнешеден асық тігіп қояды да, мөлшерлі жерге барып, бір көлденең сызық сызып, сол арада сақаларын сайыстырып, сақаларының алшы тұру ретіне қарай әрқайсысы ойын кезегін алып, сызған сызықты баса тізілген асықтарды атады да, атқан асығын үштабаннан асырса, ала береді. Ал, үштабаннан асыра алмаса, ойын кезегі өзінен кейінгі серіктеріне беріледі. **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы** **Дидактикалық ойын:**«Не артық?»киімдер **Міндеті:Заттықәлем:**	**(бестас) ойыныМіндеті:** Балаларды асық ойыны арқылы ептілікке, шапшаңдылыққа баулу. **Шарты:** Екі және одан да көп бала ойнайды. Қаршуға ықшам асықтар таңдалынып алынады. Ойыншылар асықтарын иіріп кімнің асығы алшы түссе, сол ойынды бастайды. Бес асықты жерге тастап, бірін жоғары лақтырып, жердегі асықтың бірін іліп алып, жоғарыдағы асықты қағып үлгіреді. Осылай бір-бірден, одан кейін екі-екіден соңында жердегі төрт асықты бірдей сыпырып алу керек. **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы** **Дидактикалық ойын:** «Қандай мамандық?» **Міндеті:Байланыстырыпсөйлеу:**бір-біріменеркіндиалогқұруға,еркінталқылауға мүмкіндік беру.	**ойыны Міндеті:**Ұлттық ойын арқылы балаларды белсенділікке, тапқырлыққа, мергендікке және күштілікке тәрбиелеу. **Шарты:** Ойыншылар тегіс жерді таңдайды. Ортасына түзу сызық сызады. Оған жағалай асық тізеді. Ойынды бастаушы асық тізілген жерден бес табанға тең аралықты белгілеп алып, шеңбер тартады. Ойыншылар шеңберге кірмей (баспай) ортадағы асықты атады. Сақа тиген асық міндетті түрде шеңберден шығу керек. Кім көп асықты атып шеңберден атып шығарса сол ұтады. **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы** **Дидактикалық ойын:** «Не өзгерді?» **Міндеті:Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөйлемдердегі сөздерді: сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре	**ату) ойыны Міндеті:** Балалардың денсаулығын, ой-өрісін, икемділігін, шапшаңдылығын, ұлттық ойынға қызығушылығын дамыту. **Шарты:** Ойынға бірнеше адам қатысады. Әрбір ойыншы кезекпен қолдағы асықтарды сырмақ үстіне шашады. Арнайы белгілеген асықпен (сақамен) қалған асықтарды шертіп атады. Басты шарты ұқсас асықтарды ғана ату. Басқа асықтарға тигізбей атып алыңған асық ұпай ретінде олжаланады. Ойын осылай жалғаса береді. **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы** «Мақта қыз бен мысық» ертегісін сурет арқылы еске түсіріп, таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналау. **Міндеті:** диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру.**(Сөйлеуді**

		Қоршағанортазаттары,олардыңқасиеттеріжәнеқолданылуытуралытүсініктерінкеңейту. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** «Адалдық алаңы» Мультфильм қарау **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы** **Сөздік қор (минимум)** Үштабан,көлденең	**(Қазақ тілі)** Балалардың қайшыны қолдану біліктерін бекіту: жолақшаларды тікбұрыштар етіп қию, шаршыларды үшбұрышты етіп қию, шаршы немесе тікбұрыштың шеттерін қию арқылы дөңгелек пен сопақша пішіндерді қиып алуға үйрете отырып жедел жәрдем машинасын жапсыруды ұсыну.**(Жапсыру)** **Сөздік қор (минимум)** Мамандық, асық, шаршы	білуді жетілдіру.Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру;**Ойын барысы:** Тәрбиеші жеміс пен көкөністердің арасынан біреуін алып жасырып қояды. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Сөздік қор (минимум)** Шеңбер, жеміс,жидек	**дамыту)** Жаңылпаш жаттауДыбыстардың нақты артикуляциясын қалыптастыру. Дән – дәулет, Дәулет – дән. Сән – сәулет, Сәулет – сән **(Қазақ тілі)** **Сөздік қор (минимум)** Шерту,сақа, дәулет
«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттері. Тапсырылған іске жауапкершілік сезімдерін дамыту, балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды тиянақты жинауға дағдыландыру.					
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру **Қауіпсіздік ережесі**	**Ата-аналармен әңгіме:**Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу» **Қауіпсіздік ережесі**
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,	**Дидактикалық ойын** «Бұл не? Кімге керек?» **Мақсаты:**	**«Мен дәрігер боламын»** **Мақсаты:** Балалар бір -бірімен ойнау арқылы өздерін дәрігер сезіне	**«Әдемі үйшік»** **Мақсаты:** Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады. **Құрастыру**	**«Шаштараз»** **Мақсаты:** Балалар ойын арқылы шаш қиюшының еңбегін түсінеді.	**Үстел –үсті ойыны:** **«**Менің балабақшам» **Мақсаты:** Түрлі-түсті ағаштар көмегімен балабақшасын

кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Балабақша қызметкерлері мен қажет құралдарымен таныстыру. **Қоршаған ортамен танысу**	алады. **Қоршаған ортамен танысу**	«Балабақшамызға бір игі іс» акциясы Ойыншықтарды, кітаптарды және т.б жөндеу. **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы**	**Қоршаған ортамен танысу**	құрастыру. **Құрастыру**
Ертеңгілік жаттығу	1."Секіртпені соз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, жіптің шетінен ұстау. 1 секіртпені шетінен ұстап, қолды алға созу. 2 жоғары көтеру, 3 кеуде тұсына әкелу. 4 бастапқы қалыпқа келу. 2. "Сағаттың тілі" жаттығуы: Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, секіртпені екі шетінен ұстау, қолды жоғары көтеру. 1 оңға еңкею. 2 бастапқы қалыпқа келу. 3 солға еңкею. 4 бастапқы қалыпқа келу. 3. "Отыру" жаттығуы. Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпе, қол төменде. 1-2 екі тізені бір-бірінен алшақ қою, секіртпемен қолды жоғары көтеру, сәл иіліп отыру. 2 бастапқы қалыпқа келу. 4. "Бүгілу, майысу" жаттығуы. Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпені екі шетінен ұстап, алға созған күйде етпетінен жату. 1-3 артқа қарай иілу, бір мезгілде аяқты көтере (аяқтың ұшын соза) секіртпемен қолды алға қарай жоғары көтеру. 4 бастапқы қалыпқа келу. 5. "Еңкею" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, секіртпені екі ұшынан ұстау, қолды төмен түсіріп тұру. 1 заттардан аттап жүру. 2 секіртпемен еркін секіру. (дене шынықтыру, дербес әрекет)				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, Тамақтанып	Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан	Балалардың назарын тағамға аудару , ас мәзірін атау, нан қиқымын шашпай жеуге ,асты төкпей ішуге баулу.Ас ішерде күнде біз Сөйлемейміз күлмейміз	Ойын жаттығуы «Су,су, бетімді жушы.Көз бояғыштары жарқырап, бетімді қызарып, аузын күлдіріп, тістеп алу үшін! (көркем сөз)	Ас құралдарының атауын қазақ тілінде айту (қасық - қасық, тәрелке - тарелка, үйірме – пиала, пышақ - пышақ) (қазақ тілі).

	болғаннан кейін алғыс айту	кейін алғыс айту			
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**«Не артық»** Мақсаты: Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады. **(Сурет салу, жапсыру)**	«ДАЛАДАОЙЫН КЕЗІНДЕГІТӘРТІПЕРЕЖЕЛЕРІ» **https://youtu.be/oCPp7Rbrao?si=uKafRwZFLxKKeNJs «ЖЕКЕҚАУІПСІЗДІК» ережесінен «Жау-жау жаңбыр»** тақпағын мәнерлеп оқу. Мақсаты: Тақпағын қайталай отырып апайларын жақсы көре алады. **(Көркем әдебиет)** **Экологиялық тәрбие**	**«Теңін тап»** Мақсаты:Балалар екі бірдей заттарды таба алады. **(Мүсіндеу)**	**«Дүкенші»** Мақсаты: Балалар мағынасын түсініп топтасып ойнауды түсінеді. **(Қоршаған ортамен танысу)**	**«Кім шапшаң»** Мақсаты : Балалар топтасып ойнай алады **(Сөйлеуді дамыту)**
Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс әркеті	**Мүсіндеуден ойын жаттығу** "Тиінге жаңғақ". Мақсат-міндеттері. Балаларға сазбалшықтың тұтас бір бөлігін алақанда дөңгелектеп илеу техникасын игерту; мүсінделіп шыққан шар тәрізді денені "жаңғақ" деп атауды үйрету; жаңғақты "тиіннің қорегі" деп түсіндіру; қолдың ұсақ моторикасын, танымы мен зейінін дамыту; аңдардың күзгі тіршілігіне қызығушылықтарын ояту.	**Дене шынықтыру.** "Торғай секілді секірейік". Мақсат-міндеттері. Педагог балалардың психологиялық көңіл күйлерін көтеру үшін шабыттандыратын сөздерді пайдаланады: "Күн бүгін тамаша!", "Торғай секілді көңілді, жеңіл, әрі епті болайық", "Тамаша!", "Жарайсыңдар!" сөздерін пайдалану; түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау тәсілдерін қолдану. "Торғай секілді секіреміз" ойыны. Мақсат-міндеттері.	**Музыка** "Тұлпарым" Мақсат-міндеттер. Балаларға тұлпар туралы әнді танып, жағымды эмоциоланды жауап беруге ынталандыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенге сай үйлесімді жасай білу қабілеттерін жетілдіру.	**Дене шынықтыру** "Домалайды алмалар". Мақсат-міндеттері. Балаларға допты бір-біріне домалату арқылы олардың қимыл белсенділігін қалыптастыру; жаттығулар барысында екі қолымен допты ұстап домалату икемділігіне үйрету; допты дұрыс бағытқа домалату дағдысын меңгерту; игерген жаттығулар мен дағдыларды пысықтау. "Домалайды алмалар!" қимылды	**Дене шынықтыру** "Күнге ұқсаймыз". Мақсат-міндеттері. Балаларға допты екі қолымен ұстап, бір-біріне домалату жаттығуларын жасау кезіндегі іскерліктерін жетілдіру; допты тура көздеп, бір бағытқа домалата білу дағдысын дамыту; қол мен саусақ бұлшық еттерін дамыта отырып, жаттығуларды ынталанып орындауға қызығушылықтарын арттыру; бір-біріне сенімділік сезіміне тәрбиелеу.

		Таяқшалардан екі аяқты қосып секіруді үйрету. Қимылептілігін дамыту.		ойыны. Мақсат-міндеттері. Алмаларды домалатуды үйрету. Қимылептілігін дамыту.	
Серуенге дайындық	**Салуатты өмір салтын қалыптастыру:** «Денсаулық-зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну. **(Дене шынықтыру)**	**Салуатты өмір салтын қалыптастыру:** «Денсаулық-зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну. **(Дене шынықтыру)**	**Салуатты өмір салтын қалыптастыру:** «Денсаулық-зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну. **(Дене шынықтыру)**	**Салуатты өмір салтын қалыптастыру:** «Денсаулық-зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну. **(Дене шынықтыру)**	**Салауатты өмір Салуатты өмір салтын қалыптастыру:** «Денсаулық-зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну. **(Дене шынықтыру)**
Серуен	**Бақылау:**Шықты бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы. **Еңбек:**Ағаш бұтақтарын жинау. **Міндеті:** Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету. **Жеке жұмыс:** «Менің Отаным» өлеңін жаттату. Отан –менің ата-	**Бақылау**: Тұманды бақылау. **Міндеті:**: Күздегі тұманды бақылау , тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру. **Еңбек:** Ағаштардың түптерін қопсыту. **Міндеті:** Табиғатты аялай білуге , өсімдіктерге қамқор болуға , оларды күтіп – баптауға тәрбиелеу. **Жеке жұмыс**: Мақал-мәтел. Таза болса- табиғат, Аман болар –адамзат. **Міндеті:**Мақал жаттату арқылы баланың сөздік	**Бақылау: Күнді бақылау**. **Мақсаты:** Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. Қимылдық ойын: «Таяқшадан аттап өт», «Қуаласпақ» **Міндеті::** Жылдамдыққа , ептілікке баулу. **Еңбек:** Гүл шоғы. **Міндеті:** Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау. **Жеке жұмыс:**	**Бақылау: Жәндіктерді бақылау.** Міндеті: Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады?Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр. «Қыстың қамын жаз ойла». Еңбек:Біздің алаң. Мақсаты: Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге	**Бақылау:**Ауа-райын бақылау. **Міндеті:**: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. **Еңбек:** «Таза алаң». **Міндеті**: Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** Е.Өтетілеуов «Күшік». **Міндеті:**: Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты

	анам, Отан-досым , бауырым. Отан-өлкем, астанам, Отан-туған ауылым. **Міндеті:**: Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін арттыру. **Ойын:**«Қояндар секіреді». Мақсаты: Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. **Қимылдық ойын**: «Қаздар мен бақташы». **Ойын барысы:**Ойыншылардың ішінен қасқыр мен бақташы таңдап алады.Басқа балалар болады.Ортадан бір сызық созылады.Ол-қаздардың үйі болады.Бақташы қаздарды жайып шығады.Олар далада жайылып жүреді. Бақташы: Қаздар, қаздар!? Қаздар: га,га,га Бақташы:тамақ жейсіңдер ме? Қаздар: иә, иә, иә. Бақташы: Ендеше	қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат , денсаулық туралы түсініктерін тереңдету. **Ойын:** «Біз кішкене отбасы» **Міндеті:**: Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету. **Қимылдық ойын**: « Шымшық доп» **Ойын барысы**: Алаңның ортасындағыбір тағанның үстіне ұзындығы 30 см, ені 6-7 тақтайшаны қисайтып қояды.Оның төменгі жағына кішкене доп қойылады.(Доп дұрыс орналасу ұшін тақтайға ойыс жасап қою қажет).Ойнаушылавр тақтайшадан айналып тұрады.Басқарушы таңдап алынады.Ол тақтайшаның жоғарырақ тұрған бос шетін аяғымен теуіп қалғанда, доп жоғары секіріп кетеді.Ойнаушылар оны ұстап алады.Допты	Е.Өтетілеуұлы . «Бағдаршам» **Міндеті:**Бағдаршаммен таныстыру.Жолда жүру ережелерін түсіндіру. Е.Өтетілеуұлы «Бағдаршам» Сақта көше тәртібін Бағдаршамның ал «тілін» Біліпт алдым мен де: Жасыл жанса, демде Алға кетем лезде. Сары жанса , сабыр Сақтай тұрам әзір. Жанса қызыл шоқтай, Қаламын кілт тоқтай. **Қимылды ойын**: «Үрпек төбет» **Міндеті:**Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу. **Ойын барысы:** алалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол ортада тырады.Қалған балалар ған жай ғана жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді: Алдыңғы екі аяққа басын сұғып, Әнекей жалбыр төбет жатыр сұлық, Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып, Момақан, сырт пішіні	үйрету. **Жеке жұмыс**: Тыйым сөздерді жаттату. **Міндеті:** «Суға түкірме «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірме» т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру. **Қимылдық ойын**: «Итеріспек» **Ойын барысы**: Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады.Егер бір аяқпен секіріп жүріп , екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені.Ойын жалғаса береді. Балалардың өз бетімен ойнауы: 1**. Тығылыспақ.** **2. Тартқышқа тартылу.** **3.Допты қуалау.** **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	мәнерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов. «Күшік». Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап **Қимылды ойын:**: «Тымпи-тымпи». **Міндеті:**Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Ойын барысы:Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: «Тым-тырыс, тымпи-тымпи»,-дейді.Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс.Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады.Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай «өнерімен» ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып , соны күлдіртуге күш салады.Әзіл-сықақтары

	ұшыңдар. Қаздар:жоқ , аш қасқыр бар Жібермейді ол жолда Бақташы: тез ұшыңдар қалайда ! Осы кезде қаздар қанаттарын қағып ұшып бақташыға қарай жүгіреді. Қасқыр ұстағандарын жинап қояды. Екі рет оянғандарында ауысып басқа балаларға кезек береді. **Еркін ойындар. (Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Дене шынықтыру *Экологиялық тәрбие* Сөздік қор (минимум)** Бақташы, күз, бұтақ	ұстап алған бала басқарушы болады да, ойын қайталанады. Ойынға бір мезгілде 5-6 баладан қатыса алады. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Дене шынықтыру *Экологиялық тәрбие* Сөздік қор (минимум)** Отбасы, адамзат	жуас салғырт Ояталық жақындап барайық та, Қайтер екен содан соң-қарайық та. Төбет орынан ұшып тұрып үре бастайды.Балалар қаша жөнеледі.Төбет оларды қуа жөнеледі.Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады.Төбет қайтадан ортаға отырады .Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Дене шынықтыру *Экологиялық тәрбие* Сөздік қор (минимум)** Төбет,бағдаршам	**Дене шынықтыру Қауіпсіздік ережесі *Экологиялық тәрбие* Сөздік қор (минимум)**	әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз қимылдар жасап күлдіруге әрекет етеді. Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге тырысады.Ал, сөйлеп , күліп қойса айыпкер саналады. Айыбы үшін өлең айтып би билейді.Айбын өтегеннен кейін ол ортаға шығып, ойынды басқарып кетеді. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Дене шынықтыру *Экологиялық тәрбие* Сөздік қор (минимум)**
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. «Көшедегі үйлер»	«Табиғатта қандай өзгерістер болды?» **Мақсаты:** Балаларға жыл мезгілдерін қайталату. Жанды және жансыз табиғат туралы	Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала. Кім салқын сумен жуынса –батыр бала ол бала. Ал егерде ол жуынбаса – ештене деп	Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру. **«**Күзгі орман» **Мақсаты:** Күз мезгілі туралы	Достарымен ішке кіру. «Менің досым» **Мақсаты:** Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету. **(Сөйлеуді дамыту)**

	Мақсаты: Балаларға жалпы үйлер туралы түсінік беру. Көшедегі үйлерді әр түрлі фигуралардан қиып жапсыруға дағдыландыру. **(Жапсыру)**	түсіндіру. **(Қоршаған ортамен танысу)** ***Экологиялық тәрбие***	аталмайды ол бала.	жалпы білімдерін қалыптастыру. Күзгі орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру. **(Көркем әдебиет)** ***Экологиялық тәрбие***	
Түскі ас	**Жуыну кезіндегі тақпақтар:** Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз-кешке де, Жуын күндіз-түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде	**Жуыну кезіндегі жұмбақ:**Ертемен күнде сен Қолыңа сүйкесең. Кетіп кір ласың,Тап таза боласың. Бұл не? (сабын)	**Жуыну:** Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін үйрету.	**Жуыну кезіндегі тақпақтар:** Хош иісті сабынның Көбігіне малынып, Қолымызды жуамыз Барлық кірден арылып	**Тамақтану.** Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, қасықты д ұрыс ұстауға дағдыландыру
Күндізгі ұйқы	"Бауырсақ" ертегісін оқу (көркем әдебиет)	Баяу әуен тыңдау (музыка)	"Үйшік" ертегісін оқу (көркем әдебиет)	Тыныш әуенді тыңдау (музыка)	Аудио жазба Мақта қыз бен мысық (көркем әдебиет)
Біртіндеп тұрғызу, сауықтыру шаралары	**Сауықтыру-шынықтырушаралары.**Шынықтырудыңбарлықтүрлерін,жалпыжәнежергіліктісушараларынжүргізу:дымқылшүбе рекпенсүртіну,аяқтарды,дененішаю,әрбіртамақтанғаннанкейінауыздышаю. Жалпақтабандылықтыңалдын-алуүшін түрліжолдармен,жылықүндерішөптің,құмныңүстіменжалаң аяқжүру.**Ояту жаттығулары**Музыкалық әуен ырғағы арқылы әр түрлі жаттығуларды ырғақпен орындау. **1.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут)** Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып иегімізді кеудемізге тигіземіз , аяқтын ұшын өзімізге қарай тартамыз (2- 4 рет) Ішімізде жатып басымызды аяғымызды жоғары көтеру (2- 4 рет)				

Бесін ас	Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру.	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну.	Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру.	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну.	Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру.
Балалармен жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: 3–4 сөзден тұратын тіркестерді, сөйлемдерді айтуға, ақпараттармен бөлісуге үйрету.	Жеке баламен жұмыс: суреттен жануарларды тауып, атауға, олардың сипаттық ерекшеліктерін атауға үйрету.	Жеке баламен жұмыс: «Кедергіден өту» Адымдап жүруге дағдыландыру.	Жеке баламен жұмыс: Сары түсті жапырақтар бояу. Мақсаты : сары түсті ажырата алуға үйрету.	Жеке баламен жұмыс: көкөністер мен жемістердің бірнеше түрлерін сыртқы түрі және дәмі бойынша ажаруға үйрету
Серуенге дайындық	Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.	балаларды сыртқы келбетін бақылауға, қол орамалын уақтылы қолдануға, ұқыптылыққа, тәуелсіздікке тәрбиелеуге шақыру	Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әр түрлі бекітпелерді қолдану қабілетін бекіту.	балалардың өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, ұқыпты үйрету, аяқ киім қою,	Дидактикалық жаттығу «Досқа қалай көмектесуге болады».
Серуен	Күз мезгігінде киілетін киімдер туралы айту. Мақсаты:ойлау қабілетін арттыра отырып, салыстыра білуді жетілдіру. **Экологиялық тәрбие**	« Қім жылдам?»-қимылды ойын. Мақсаты:ептілік, жылдамдық қасиеттерін, шапшаң әрекет ету қабілетін дамыту (дене дамуы) . .	Қимылды ойындар: « Ұшты-ұшты » Мақсаты: Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді.(дене дамуы) .	« Ақ қоян» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.	Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: «Бүгін ауа-райы қандай?», « Жәндіктер қайда?» , «Ағаштардың жапырақтары неге сары?» және т.б. **Экологиялық тәрбие**
Серуеннен оралу	Дидактикалық жаттығу «шкафта киім іліп қою». «Киімді дұрыс және тез бүктейтін» әр түрлі бекітпелерді қолдану қабілетін бекіту	Киімге арналған шкафта тазалық пен тәртіпті өз бетінше сақтау қабілетін бекіту «Киімге арналған шкафты қалай ретке келтіреміз» әңгімелеу	Киімді ілу, көйлек немесе көйлектің жеңдерін бұру, киімді түзету, аяқ киімді мұқият қою дағдыларын бекіту	Тез киіну және шешіну қабілетін жетілдіру, шкафқа заттарды ұқыпты іліп қою,жолдастарына түймені басуға көмектесу, жағасын түзету және т. б.	Өз заттарың дұрыс орналастыруын бекіту қабілеті, бәтеңкеге бау байлау, сандалдарды бекіту дағдыларын жетілдіру «Әр нәрсенің өз орны бар» әңгімелесу.
Балалардың дербес	**Дербес ойын**	**Танымдық-қимылды**	**Суреттік боямалар**	**Кітаппен жұмыс**	**Дербес ойын**

	«Бегемот (сусиыр)» жаттығуы Аш аузыңды балақай, Сусиырдың аузындай. Жабуға ауызды болмайды, Санағанша 5 санын Сипаттамасы: ауызды айқара ашып, 5 ке дейін санаймыз, сосын жабамыз. Осылай 3-4 рет қайталау (*сөйлеуді дамыту,дене тәрбиесі)* **Саусақ жаттығуы** **Екі қол** Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз) Келе қалды балақан. Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз) Алақанды алақан. Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашып, қуанады) «Тап - таза» деп қуанды. Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді) Бірін – бірі жуады. (денемізді оңға бұрып, екі алақанды, үйкейміз солға бұрып үйкейміз) М. Жаманбалиев*(сөйлеуді дамыту, дене тәрбиесі)*	ке дейін ұстап, қайтадан орнына келтіреміз. Осылай 3-4 рет қайталау. *(сөйлеуді дамыту)* **Саусақ жаттығуы** **Он саусақ** Жалғыз саусақ тіпті де, (сұқ саусақты ашып жұмамыз) Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, (бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз) Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды, (бас бармақ пен сұқ саусақты және ортанғыны қосып қимыл жасаймыз) Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ! (он саусақты көрсетеміз) Қала салсақ, жол салсақ. (қолымызды алдыға қарай созамыз) М. Әлімбаев *(сөйлеуді дамыту, дене тәрбиесі)*	Сипаттамасы: ернімізді алға қарай созамыз, қайта орнына әкелеміз Осылай 5-6 рет қайталау (*сөйлеуді дамыту,)* **Саусақ жаттығуы** **Жылыну** Егер тоңса қолымыз, Жылыта оны бастаймыз. Қолымызды пешке Тез жылыта аламыз, Алдымен алақанды. Уқалаймыз қаттырақ Сосын бақа секілді, Сосын жастық секілді, Алақаным мінекей Шынындада жылынды. От секілді қызып тұрмын, Ұстап қане көріңдер. *(сөйлеуді дамыту, дене тәрбиесі)*	Күлімдеу, ауызды ашу, тілімізді жақпақ күйінде төменгі ерінге қойып ұстаймыз. Осылай 5-10 рет қайталау **Саусақ жаттығуы** Жауын Жауын жауын жау-жау. Егін басын бау-бау. Жауын жауып. Біз тығылайық қоя тұр. Жауын – жауын жау-жау. Жаумай енді қоя тұр. Балалардың олды көбі су. *(сөйлеуді дамыту, , денешынықтыру* **Жаңылтпаштар жаттау.** Торта қойдым, Орта қойдым Орта қойдым Жорта қойдым. *(сөйлеуді дамыту, дене тәрбиесі)*	

Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата- аналарға балаларының балабақшаға киетін киімдерінің ыңғайлы болулары жайлы айту. Ата аналарға тамақтың ақысын келісім шартқа сәйкес уақытында төлеулерін айту7 Кейбір балалардың тәртіптері жайында жеке әңгіме жүргізу. мерекесі болатын ертеңгілікті айту				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. **Үстел үсті ойындары. «Мазайка» Міндеті:**балалардың саусақ моторикасын дамыту.Түстер жайлы білімдерін кеңейту. **(Сөйлеуді дамыту, шығармашылық іс-әрекет)**	Баланың бүгінгі көңіл-күйін, оны не қызықтырып тұрғанын сұрау.Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы әңгімелесу. **Санамақ** Бір дегенім – бесік, Шықтық содан өсіп, Екі деген – Елім, Далам, тауым, көгім. Үш дегенім – Үміт, Үміт аптар жігіт. Төрт дегенім – төзім, Төзе білем өзім. Бес дегенім – Бақыт, Бағалайтын уақыт.**(Сөйлеуді дамыту,математика негіздері.)**	**Әңгімелесу «Көлік түрлері» (** *сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен танысу, қазақ тілі)* **Міндеті:** Баланың ой өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, зейінділігін арттыру.	**Әңгімелесу "Көше де абай боламыз"** *(сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен танысу, қазақ тілі)* **Міндеті:**балаларды көше тәртібімен, көшеде жүру ережелерімен таныстыруды жалғастыру, балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жолды кесіп өтуге мен қамдансам, Қиылыста қарсы алады бағдаршам. Менікіндей екеу емес, үш көзді, Әр көзінің түсі бөлек, аңғарсаң. *(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)*	
	Д/о:"Анам мені қалай еркелетеді?" **Міндеті:**Балалардың есте сақтауын, зейінін, тілін дамыту. Мысалы: Құлыншағым, ботам, қошақаным, айым, күнім, жарығым, сәулем, тайым,	**Д /о: "Гүлді жина"** **Міндеті:**Балаларды байқампаздыққа, шапшаңдыққа баулу. Мысалы: Гүл күлтелерінің түстерін анықтау Мысалы: Жақсы көремін, сүйемін, құшақтаймын. Мама мерекеңізбен, мен сізді	Ұшағым бар ойыншық, Ұшырмасам ұшпайды Айналам деп аспанда Шаршағанға ұқсайды.! **Міндеті:**тілдік қорын жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыта отырып , өлеңді жаттап алуға дағдыландыру.	**Ойын: «Кімге не керек?** **Міндеті:**Балаларды тапқырлыққа үйрету.Сөздік қорлары мен ойлау қабілеттерін арттыру ***(Сөйлеуді дамыту,қоршаған әлеммен таныстыру)***	

	тайлағым, жұлдызым, аппағым, ақылдым **(сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)**	жақсы көремін, сен мені еркелетесің **(сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру, құрастыру)**	***(сөйлеуді дамыту,қазвқ тілі);***		
Ертеңгілік жаттығу	**Жүру:** Тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүруін дамыту; Еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айнала жүру үйрету **Тепе-теңдікті сақтау:** Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүруін дамыту. **Жүгіру:** Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру **Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:** заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.				
Таңғы ас	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Кезекшілердің жұмысы** (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) **Гигиеналық процедуралар** (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау **Ас – адамның арқауы** Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!" Рахмет айтуға тәрбиелеу .Балаларға ас құрамындағы дәрумендер және оның денсаулыққа тигізетін пайдасы жайында түсінік беру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)	Балалар өз әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылық бойынша қызмет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады.Балалар тәрбиешіге ұйымдастырылған іс әрекетке ортаны дайындауға көмектеседі (бірлескен қызмет)				
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар:**Шалқасынан жатып, екі аяғын бірге көтеру, түсіру, велосипед теуіп келе жатқандай аяқтарын қимылдату **Негізгі қимылдар:** **Жүгіру.** Тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунт ішінде) жүгіру	**Музыка** **Ырғақтық жаттығулар:**Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау **Қимылды ойындар.** Қимылды ойындарды ойнату Ойын: «Бұл қай ән?»	**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар:**Шалқасынан жатып, екі аяғын бірге көтеру, түсіру, велосипед теуіп келе жатқандай аяқтарын қимылдату **Секіру.** Сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 см.қашықтыққа секіру. Қ/О «Кім епті?»	**Қазақ тілі** **Сөздік қор.** Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары тұрмыстық заттардың, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Дид/о: «Ненің төлі?»	

Серуенге дайындық	Серуенге киіну,бір-біріне көмек көрсетуге үйрету. Кейіну ретін сақтауды үйрету. Өз беттерімен сыртқы киімдерінін замоктарын тағуды үйрету. Тәртіптілікке шақыру.Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп, дұрыс бүктеп қоюын қадағалау, қажетінше көмек көрсету. Жүйелі киініп серуенге шығу . **Өзіне –өзі қызмет көрсету дағдылары.** Киіміндегі олқылықты байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінші реттеуге баулу				
Серуен	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу қызметі), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қозғалмалы және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек қызметі. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:**Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету				
	№1Маусымдық өзгерістерді бақылау —**Міндеті:**Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру; —айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету; —табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу. **Бақылау барысы** **Тәрбиеші:** Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табыңдар. Жауған қарымен, ... құнар береді. (қыс) Үлкендер қарбалас, ... дән себеді. (көктемде) Бақ пенен бақшаны, ... баптап өсіреді. (жазда) Дихандар жемісін,	**№6Қарды бақылау** —**Міндеті:**Табиғаттағы маусымдық өзгерістерге бақылауды жүргізуге үйрету — Өлі табиғаттағы (күн – қар) болатын өзара байланыстар туралы білімін тиянақтау **Бақылау барысы** **Көркем сөз «Бұл қай кезде болады»** **Ш. Ахметов** Ақ қар еріп, Су көбейіп, Сай-салаға ағады. Бүршік шашып, Жапырақ ашап, Гүл, бәйшешек басады. Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? Балаларға сұрақтар • Қазір жылдың қай мезгілі? • Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады? • Аулада қар еріп жатқан жер байқала ма?	**Су бетіне қатқан мұзды бақылау** **Міндеті:** Судың әр түрлі қасиетімен таныстыру, табиғатта болатын өзгешеліктерді бақылай білуге үйрету, табиғатты аялауға тәрбиелеу, сөздік қорларын дамыту. Тәрбиеші балалрдың назарын жердегі кішкентай көлшіктерге аударады, бетіне жұқа мөлдір мұз қатып қалған. Кейбір көлшіктерден күзден қалған жапырақтарды байқауға болады. Мұзды аяқ киімдеріңмен жарып көріңдер. (ол жұқа, тез сынады) Егер мұзды лақтырса, олар ұсақ бөліктерге бөлінеді. (мұз қатты). Егер мұзды қолға ұстасақ, ол еріп кетеді. **Жұмбақ**: Отқа жанбас-суға батпас (мұз) Болжам: егер қыста қар аз және күн суық болса, жаз құрғақ және ыстық	**Қарды бақылау** **Міндеті:** Қоршаған ортаның әсемдігін сезіне білуге үйрету; қардың қасиетімен таныстыру. Терезеден жауып тұрған қарды бақылау. Қар ұлпаларына қараңдаршы, олар әр түрлі пішінде біреуі үлкен кесек болса, тағы бірі орташа,кішкентай яғни қаршықтар әртүрлі пішінді екен. Қар бізге терезеден жылтырап көрінеді. Олардың әдемі пішінін тамашалаңдар.**Жұмбақ:** Жылт-жылт етеді, Ұстасақ еріп кетеді. (қар) Болжам: көп қар- көп нан. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоян мен аңшы».** **Еңбек:** тәжірибе	

	... жинап береді. (күзде) Тәрбиеші сұрақтары: • Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған? • Қазір жылдың қай мезгілі? • Көктемнің алдында қай мезгіл болды? • Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады? • Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады? **Зерттеу жұмысы:** Балабақша ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады) **Еңбек** Гүл егетін жерді тазалау. **Міндеті:**Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Кім жылдам?». **Міндеті:**жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. **Жаттығу ойыны:**	• Неге бұл жердің қары еріп жатыр? **Халық болжамдары бар**: қар ұлпалары іріленсе — күннің жылынуын күт; қараторғай келсе көктемді қарсы ал. Көктемнің алғашқы күндерінен бастап күннің шуағы молаяды. Күннің көзі көбірек түсетін жерлердегі қарлар еріп, жер бусана бастайды. Аяққа басқан қар тапталып, кешкі аязбен қатқақ пайда болады. Бірақ, бұл ұзаққа созылмайды. Күннен күнге күннің жылуы молайып, жердегі қар еріп, суға айналады. **Зерттеу жұмыстары** Күн астындағы және көлеңкеде жатқан қардың тереңдігін өлшеу. Күннің көзі көп түсетін жердегі қар неге аласа, көлеңкедегі қар неге биік? **Еңбек** Жолдарды қоқыстан тазалау. **Міндеті:**бірлесе жұмыс істеуді үйрету. **Қимылды ойын** «Қояндар мен аңшылар». **Міндеті:** қуушыдан қашып құтылуларын, тез жүкіре білулерін дамыту. **Жаттығу ойыны** Қозғалыстарын дамыту **Міндеті:**лақтырған затты нысанаға түсіруге жаттығу. **Халық болжамы: Жыл**	болады. **Қозғалмалы ойын:** «Түлкі мен қаздар» Міндеті: Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. . **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоян мен аңшы».** **Еңбек:** есік алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдың үстіне құм себу.**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	жасаған үстел үстін жинастыру. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	

	Орнында тұрып биіктікке секіру. **Міндеті:**секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей біл	**құстары тобымен келсе, көктем бірден болып, жаз ерте шығады.**			
Серуеннен оралу	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімдерін ұқыпты жинақтау Жүйелі түрде шешіну, киімді шкафқа салу, қолды жуу Сылдырлайды мөлдір су Мөлдір суға қолың жу Жуынсаң сен әрдайым Аппақ бетің маңдайың				
	Логикалық ойын: «Дыбыстап шақыр» Міндеті: Балалардың қызығушылығын ояту. Барысы: Бір бала жануарлардың дауысын салады,ал қалған балалар дауысына қарай қандай жануар екенін табады.	Қазақ халқының ойындары : «Асық ату», «Тақия тастамақ	Суретке қарап , айтып отырып: "Балалар қолдарын жуады". Киімдерін дұрыс әрі ұқыпты жинауға дағдыландыру, Жуыну кезінде балалардың дербес дағдыларын бекіту.	«Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.» Қимыл-қозғалысты үйлестіре отырып, тілдерін жаттықтыру.	
Түскі ас	**Кезекшілердің жұмысы** (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) **Гигиеналық процедуралар** (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, **Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс;** этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау. **Мәдени –гигеналық дағдыларды қалыптастыру.** Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету,сабынды дұрыс қолдануды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді				
Күндізгі ұйқы	**«Күй күмбірі»-күй тыңдау.** «Жолбарыс пен тышқанның достығы» ертегісін оқу. *(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)*	**«Күй күмбірі»-күй тыңдау.** «Әтеш пен түлкі» ертегісін оқу. *(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)*	**«Күй күмбірі»-күй тыңдау.** «Жолбарыс пен тышқанның достығы» ертегісін оқу. *(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)*	**«Күй күмбірі»-күй тыңдау.** «Әтеш пен түлкі» ертегісін оқу. *(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)*	**«Күй күмбірі»-күй тыңдау.** «Тышқан, ит және мысық» ертегісін оқу. *(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)*
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан ояту жаттығулары Шынықтыру шарасы. Әдемі ирек жолдармен				

	Лақтарша біз ойнақтап Тастан-тасқа секіріп Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі Массаж жасау білеміз. Арнайы жолдармен жүру.				
Бесін ас	**Кезекшілердің жұмысы** (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) **Гигиеналық процедуралар** (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) **Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс;** этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Сюжетті-рөлдік ойын** «Аспазшы *(сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру, музыка)* Балаларды ойын сюжетіне байланысты топтарға бөлінуге, және ойын әрекетінің аяқталуына байланысты қайтадан бір ұжым болуға жаттықтыру. ***Балалармен аспаз туралы тақпақ жаттау.*** Ақ қалпағы басында, Ыстық оттың қасында. Бір тамақты пісіріп, Бір тамақты түсіріп, Апам ылғи жүреді, Жайрандайды, күледі. ***(****көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)* Балалардың сөйлеуін дамыту.	**Сюжетті ойын** «Жол полициясы » **(***құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)* Ойын ойнау барысында рөлдерді бөлуге, берілген рөлді ойнап шығуға жаттықтыру. Өзара бір бірімен жақсы қарым қатынас орната білуге тәрбиелеу.Жолда жүру ережесін сақтауға, жүргізушілер мамандығының еңбегін құрметтеуге дағдыландыру. сөздік қорларын байыту. **Дидактикалық ойын:** **«Бөлігін тап»** *(Сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)* Балалардың ойлау қабілеттерін жетілдіру, сөздік қорларын	**Сюжетті ойын** **«Зерттеушілер»** **«қардың еруін зерттеу»** *(қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту,)* Балаларды тәжірбие жасауға қызығушылықтарын ояту. қардың қасиеттерімен таныстыру.Сөздік қорларын дамыту. ***(танымдық іс-әрекеті, қарым- қатынас іс-әрекеті)*** Драматизация ойыны «Шалқан ертегісі *(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, дене тәрбиесі)* Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді	***Сюжетті ойын:*** ***«Құрылысшы »*** **(***қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту,)* Балалардың білім деңгейін, ойындарды ойната отырып, әрі қарай жан - жақты дамыту, тіл байлығын жетілдіру, сөздік қорын молайту. Үлкендер еңбегін құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. Балаларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, адалдыққа, кішіпейілділікке тәрбиелеу. ***(қарым- қатынас іс-әрекеті)***	

	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу **«Ақсерек пен көксерек» ойыны**	толықтыру,заттарды топтастыруға жаттықтыру. **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу **«Тұр сақинам тұр» ойыны** «МЕН АДАСЫП КЕТКЕН ЖАҒДАЙҒА БЕСҚАРАПАЙЫМКЕҢЕС» **https://youtu.be/8rz3wsHhc0Y?si=ZHH-0Nn_TgQAIb91https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij** **«ЖЕКЕҚАУІПСІЗДІК» ережесінен**	сахналауға үйрету,тілдерің дамыту.Қимылдарын келтіру. **Еркін ойындар «Ойыншықтарды орнына жинау» (еңбек іс-әрекеті)** Балаларды өздеріне қызмет етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу **«Хан талапай» ойыны**	**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу **«Тоғыз құмалақ» ойыны**	
Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, үйлесімді сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т. б. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)**				
	Дид/ойын: «Ретімен орналастыр!» **Міндеті:** сандарды ажыратып біледі және санап үйренеді.	**Коммуникативтік дағдылар «Сөз талдау» Міндеті:** Дыбыстарды дұрыс, анық айтуды бекіту, дауысты дауыссыз дыбыстарды айыра білуге жаттықтыру. ой-өрісін дамыту. Көрнекіліктер:, суреттер мен тор көз салынған карточкалар. Арлан, Димаш	**Әлеуметтік дағдылар . «Көлік түрлерін ажырат» Міндеті:** Балалардың сөздік қорын байыту, қасиетіне қарай суреттерді ажырату, көліктер жөнінде білімдерін бекіту, суретін салып,саусақ моторикасын дамыту	«Көңілді қарындаштар» балалардың бояуды дұрыс таңдап, шығармашылыққа баулуға үйрету. Ахмад, Борис,Дарын	
Серуендеуге дайындық (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, ірі және	Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу, топтық ережелерді қайталау тақырыптардағы балалармен жеке әңгімелер жүргізу: Тәртіптілікке шақыру.Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп, дұрыс бүктеп қоюын қадағалау, қажетінше көмек көрсету. Жүйелі киін**Тыйым сөздер**				

ұсақ моториканы дамыту)	1.Бас киімді теріс киюге, лақтыруға болмайды. 2.Киімнің жағасын басуға болмайды. 3.Аяқ киімді,төңкеріп теріс киюге болмайды. 4.Киімді оң қолдан бастап киіп, сол қолдан бастап шешеді				
Серуен	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу қызметі), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қозғалмалы және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек қызметі				
	Қимылды ойын «Әткеншек»	**Қимылды ойы « Кім жылдам жеткізеді? »** **Міндеті:**Жылдамдыққа баулу, бір –біріне көмек беруге дағдыландыру**.(***денешын ықтыру,қоршаған әлеммен таныстыру)*	**Қимылды ойын « Ақ қоян»** **Міндеті:**Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. **Ойын мазмұны:** Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады. *(дене тәрбиесі, сөйлеуді дамыту)*	Балалармен жеке жұмыс: «Мені қуып жет»	
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешінуі, еркін ойын, іс-әрекет.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Балалардың қызығушылығы мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиеші күні бойы ұйымдастырған түрлі балалар қызметі (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперименттік, еңбек, балалардың өзіндік қызметі, өзіне-өзі қызмет көрсету) түрінде іске асырылады.				
	Еркін ойындар. Балаларды таңдау бойынша шығармашылық ойын. «Түрлі –түсті құмдар» Дайын құмсалғыштарды қолданып мүсіндеу. Ұсақ моторикасын дамыту. **(мүсіндеу, қоршаған *әлеммен* таныстыру)**	**«Дөңгелек»** **Міндеті:**Шығармашылық қа деген қызығушы-лықтарын дамыту; тұзды қамыр және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; **Мүсіндеу**	**Сюжетті-рөлдік ойын** «Шаштаразға кел » ***(қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)*** **Міндеті:** Заттарды ұқыпты пайдалануға тәрбиелеу.шаштаразшы мамандығының еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Диалогтік сөйлеуге жаттықтыру.	**Сюжетті-рөлдік ойын** «Маған қонақ келді» ***(сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру, музыка)*** **Міндеті:**Балаларды ойын сюжетіне байланысты топтарға бөлінуге, және ойын әрекетінің аяқталуына байланысты қайтадан бір ұжым болуға	

				жаттықтыру.	
Балалардың үйіне қайтуы	«Ұлттық салт-дәстүр» атты арнайы жобасы бойынша ата-анаға түсіндіріп, шағын бейнеролик ,фото түсіруді ұсыну	Балалардың киімдерін жыл мезгіліне сай киіндіруі жөнінде және «көктемгі қауіпсіздік» туралы ата-аналарға айту	«Тазалық-денсаулық кепілі»-тырнақтарын бақылау.	Кеңес беру « Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.»	

Әдіскер

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: "Жан-Айниет" бөбекжай балабақшасы" жеке мекемесі
Топ : «Балауса» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жастағы

Жоспардың құрылу кезеңі:(апта күндерін, айы, жыл) 24.03-28.03.25 ж.**Апта дәйексөзі:** Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 24.03	Сейсенбі 25.03	Сәрсенбі 26.03	Бейсенбі 27.03	Жұма 28.03
Балаларды қабылдау			**«Өнегелі 15 минут»** - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру **Әңгімелесу "Тамақтану барысында сөйлесу қауіпті"** *(сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)* **Міндеттері**: Асқорыту жүйесінің құрылысы мен жұмысы жайлы балаларға айтып түсіндіру. Өз денсаулықтарын сақтауға, мәдени гигиеналық шараларды қолдануға, дастархан басында сөйлемеуге тәрбиелеу. **Артикуляциялық жаттығу «Піл» жаттығуы** Піл тұмсығын көрсетсем, Ернімді алға созамын. Жіберіп өз еркіне, Қайта орнына қоямын. Сипаттамасы: ернімізді	**«Өнегелі 15 минут»** - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру **Әңгімелесу: "Алғашқы тамшылар "** *(сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)* **Мақсаты**:Балаларды ертегілердің шығу тарихымен, қалай жасалатыны жайлы әңгімелесу.Жағымды-жағымсыз кейіпкерлер жайлы балалардың көзқарастары мен ойларын сұрау. **Артикуляциялық жаттығу «Құймақ» жаттығуы** Тәтті құймақ пісіріп, Жедік оны сүйсініп. Келеді оны жей бергің, Кетсең де сен тойынып. Сипаттамасы: Күлімдеу, ауызды ашу, тілімізді жақпақ күйінде	**«Өнегелі 15 минут»** - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру **Әңгімелесу "Күлімдеген көктем"** *(сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)* **Мақсаты:** балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу. Бір -біріне мейіріммен қарауға, жайдан -жай ренжімеуге жаттықтыру. **Артикуляциялық жаттығу «Қамырды жаю» жаттығуы** Илеп алып қамырды, Оқтауменен жаямыз. Қызған пешке саламыз, Нан пісіріп аламыз Сипаттамасы: күлімдеу, ауызды ашып, тіспен тілімізді

			алға қарай созамыз, қайта орнына әкелеміз Осылай 5-6 рет қайталау (*сөйлеуді дамыту,)* **Саусақ жаттығуы** **Жылыну** Егер тоңса қолымыз, Жылыта оны бастаймыз. Қолымызды пешке Тез жылыта аламыз, Алдымен алақанды. Уқалаймыз қаттырақ Сосын бақа секілді, Сосын жастық секілді, Алақаным мінекей Шынындада жылынды. От секілді қызып тұрмын, Ұстап қане көріңдер. *(сөйлеуді дамыту, дене тәрбиесі)*	төменгі ерінге қойып ұстаймыз. Осылай 5-10 рет қайталау **Саусақ жаттығуы** Жауын Жауын жауын жау-жау. Егін басын бау-бау. Жауын жауып. Біз тығылайық қоя тұр. Жауын – жауын жау-жау. Жаумай енді қоя тұр. Балалардың олды көбі су. *(сөйлеуді дамыту, денешынықтыру* **Жаңылтпаштар жаттау.** Торта қойдым, Орта қойдым Орта қойдым Жорта қойдым. *(сөйлеуді дамыту, дене тәрбиесі)*	ұстаймыз. Та-та-та, тілімізбен ернімізді соғамыз пя-пя-пя, тілімізді тісімізбен тістеп және оны тістің арасынан шығарып қозғаймыз. **Саусақ жаттығуы** **Жел** Шөпті қозғап жел еседі. Шөптер дыбыс береді, Ш-ш-ш-ш Жел ақырын басылды Шөптер де дем алды. *(сөйлеуді дамыту, дене тәрбиесі)*
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру			**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. **Қауіпсіздік ережесі**	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналарға керекті құрал –жабдықтарды әкелуін өтіну.
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)			**«Жер, су, ауа, от.»** **Ойын мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру. **Ойын шарты:** Балалар шебер құрып тұрады, допты бір балаға лақтырып	Суретпен жұмыс: «Көктем көркі» Д/о: «Не артық?» **Міндеті:**Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын байыту. Көктем мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Сөздік жұмыс:	Қ/о: «Тақия тастамақ» ойыны **Міндеті:**Балалардың шапшаңдылығын арттыру. Қимылды ойындардың шартын дұрыс сақтай отырып ойнауға дағдыландыру.

			«Жер» деген кезде жердегі өсімдіктер, заттар, адам, ұй, жануарларды атап айтады, «су» дегенде суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды, «ауа» дегенде ұшақ түрлерін, құстардың атарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын атайды.	Қар-снег, көктем – весна.Қар ериді-снег тает Жұмбақтар 1.Қыста жерді жауып кетті, Ал көктемде ағып кетті. (Қар)	
Ертеңгілік жаттығу	**Жүру:** Тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүруін дамыту; Еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айнала жүру үйрету **Тепе-теңдікті сақтау:** Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүруін дамыту. **Жүгіру:** Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру **Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:** заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.				
Таңғы ас	**Кезекшілердің жұмысы** (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) **Гигиеналық процедуралар** (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау **Ас – адамның арқауы** Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!" Рахмет айтуға тәрбиелеу **Ойын- жаттығу:**"Қуырмаш" Әй, қуыршақ, қуыршақ, Жуынбайды жуынсақ, Беті қолдың батпағын Елең қылмай жатқаның Қашан адам боласың? Таңғы астың атауын айтып, ботқаны тауысып жерлерін талап ету. Астан кейін бата бергізу				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)	Балалар өз әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылық бойынша қызмет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады.Балалар тәрбиешіге ұйымдастырылған іс әрекетке ортаны дайындауға көмектеседі (бірлескен қызмет) Ойын: «Дыбыс қайдан шығады?» **Міндеті:** Балалардың есту қабілеттерін дамыту.				

Кестеге сәйкес ҰІӘ			**Дене тәрбиесі** **Домалату,лақтыру, қағып алу.** Допты жоғары лақтыру,төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу **Еңбектеу,өрмелеу.** Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі1,5 метр) Қ/О:«Допты қақпаға домалат»	**Қазақ тілі** **Сөздік қор** Жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту **Байланыстырып сөйлеу** Таныс шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. Дид/о: «Жануарлардың дауысын келтір»	**Дене тәрбиесі** **Секіру.** Сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру. **Ырғақтық жаттығулар:** Жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау Қ/О:«Кім епті?»
Серуенге дайындық	Серуенге киіну,бір-біріне көмек көрсетуге үйрету. Кейіну ретін сақтауды үйрету. Өз беттерімен сыртқы киімдерінін замоктарын тағуды үйрету. Тәртіптілікке шақыру.Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп, дұрыс бүктеп қоюын қадағалау, қажетінше көмек көрсету. Жүйелі киініп серуенге шығу . **Өзіне –өзі қызмет көрсету дағдылары.** Киіміндегі олқылықты байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінші реттеуге баулу				
Серуен	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу қызметі), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қозғалмалы және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек қызметі.				
			№ 5 Бұлттарды бақылау **Міндеті:**әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтасдеп ұғынуды қалыптастыру **Бақылау барысы** ***Көркем сөз «Бұлт» Ә.Ақыпбекұлы*** Бұлттың қайда тұрағы, Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның Бұлт көшпелі бұлағы. ***Тәрбиеші балаларға***	**№ 6 Қарды бақылау** **Міндеті:**-Табиғаттағы маусымдық өзгерістерге бақылауды жүргізуге үйрету -Өлі табиғаттағы (күн-қар) болатын өзара байланыстартуралы білімін тиянақтау **Бақылау барысы** ***Көркем сөз «Бұл қай кезде болады?»*** Ақ қар еріп, Су көбейіп, Сай-салаға ағады.	**№ 8 Су тамшыларын бақылау** **Міндеті:**-температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау; -зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру. **Бақылау барысы** **Көркем сөз**

			сұрақ береді. • Аспанға қараңдар не көріп тұрсыңдар? • Бүгінгі бұлттар қандай? • Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма? • Бұлт қай бағытқа жүзіп барады? ***Еңбек*** Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу. ***Қимылды ойын «Үйсіз қоян»*** **Міндеті:**-бір біріне соқтықпай жүгіре білуге үйрету. -жылдамдыққа және шыдамдылыққатәрбиелеу. ***Жеке жұмыс*** ***Жаңылтпаш айту:*** «Ала бұлт ақ па, Ақ бұлт ақ па? Ала бұлт ақ емес, Ақ бұлт ақ»	Бүршік шашып, Жапырақ ашып, Гүл, бәйшешек басады. Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? *Балаларға сұрақтар* • Қазір жылдың қай мезгілі? • Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады? • Аулада қар еріп жатқан жер байқала ма? • Неге бұл жердің қары еріп жатыр? ***Халық болжамдары бар:*** қар ұлпаларыіріленсе – күннің жылынуын күт; қараторғай келсе көктемді қарсы ал. Көктемнің алғашқы күндерінен бастап күннің шуағы молаядыКүннің көзі көбірек түсетін жерлердегі қарлар еріп, бер бусана бастайды. Аяққа басқан қар таптатылып, кешкі аязбен қатқақ пайда болады. Бірақ, бұл ұзаққа созылмайды. Күннен күнге күннің	**«Сүңгілер»** **А.Мендібай** Күн сәулесін төкті кеп, Қар да ери бастады. Шатырынан әр үйдің, Төмен қарап салбырап, Мұз сүңгілер аспалы, Пайда бола бастады. Тырс-тырс тамып тамшылар, Тынымсыз жерге тамады. Қардың суы еріген, Сай қуалай ағады. **Балаларға сұрақтар:** Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады-көлеңке беттеме, әлде күн бетте ме? /күн бетте/ Неге? /күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады. Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма?/қысқарады, аяз бен желден олар сынады/ Шуақты күн ше? /өседі/ Қай беттегі сүңгілер тез ериді? /күн беттегі, себебі күн мұзды қыздырады да,

			«Анау арал қай арал, Қайыңды арал,талды арал» ***Жұмбақ:*** Етек-жеңі жиналмай, Дауыл тұрса дым қалмай, Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. */бұлт/*	жылуы молайып, жердегі қар еріп, суға айналады. ***Зерттеу жұмыстары*** Күн астындағы және көлеңкеде жатқан қардың тереңдігін өлшеу. Күннің көзі көп түсетін жердегі қар неге аласа, көлеңкедегі қар неге биік? ***Еңбек*** Жолдарды қоқыстан тазалау. ***Мақсаты:*** бірлесе жұмыс істеуді үйрету. ***Қимылды ойын: «Қояндар мен аңшылар»*** ***Мақсаты:*** қуушыдан қашып құтыларын, тез жүгіре білулерін дамыту. ***Жаттығу ойыны:*** Қозғалыстарын дамыту. **Міндеті:**лақтырған заттынысанаға түсіруге жаттығу. ***Халық болжамы:*** Жыл құстары тобымен келсе, көктем бірден болып, жаз ерте шығады.	ол суға айналады/ Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. Қай ыдысқа су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған. **Еңбек** Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу. *Мақсаты:* кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беуге тәрбиелеу. **Қимылды ойын «Аяғыңды сулама»** *Мақсаты:* -Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүгіре білу дағдыларын бекіту
Серуеннен оралу	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімдерін ұқыпты жинақтау Жүйелі түрде шешіну, киімді шкафқа салу, қолды жуу				

	Ойын- жаттығу Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.				
			Еркін ойындар бұрышта Еңбек жаттығу: Ойын: «Ойыншықтар өз орнында» **Міндеті:** үйрету тапсырмаларын орындауға міндетті. **Тақпақ жаттау.** Ойыншықтарым көп менің, Бәрін жақсы көремін. Кешке дейін жалықпай, Бірге ойнап жүремін.	Дид/о: «Тап!» Ойын шарты: Балалар саны бойынша әр түрлі болатын бірдей заттар карточкасы (сурет) беріледі. Тәрбиеші 3-4 рет қол шапалақтағанда, сонша нәрсесі бар карточканы көрсету керек.	Аз қимылды ойын: «Өз орнынды тап» **Міндеті:**Бос орынға жылдамдықпен аңғарымпаздықпен өз орнын табу.
Түскі ас	**Кезекшілердің жұмысы** (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) **Гигиеналық процедуралар** (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, **Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс;** этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау. **Мәдени –гигеналық дағдыларды қалыптастыру.** Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету,сабынды дұрыс қолдануды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді				
Күндізгі ұйқы			**«Күй күмбірі»-күй тыңдау.** «Жолбарыс пен тышқанның достығы» ертегісін оқу. *(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)*	**«Күй күмбірі»-күй тыңдау.** «Әтеш пен түлкі» ертегісін оқу. *(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)*	**«Күй күмбірі»-күй тыңдау.** «Тышқан, ит және мысық» ертегісін оқу. *(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)*
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Керует жанындағы жаттығулар 1. "Құстар оянды" - Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». 2. «Құстар достарын шақырып жатыр» - Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиқ-шиқ» деп айту. 3. «Құстар жем шұқып жатыр» - Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу..				

Бесін ас	**Кезекшілердің жұмысы** (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) **Гигиеналық процедуралар** (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) **Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс;** этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)			С/р/о «Асхана» **Міндеті:** ас атауларын, ас құралдарын білуге үйрету, ас ішуге деген ынталарындыру,ұйымшыл дықпен ойнауға үйрету. Воскобович дамытушылық ойындары «Игровой квадрат» үй, кәмпит, тышқан, конверт т.б. құрастыру. Мария Монтессори ойындары.**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» -** мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу «Өріс» ойыны **Міндеті:** Баланың жастайынан жүйке жүйесін шыңдау, оларды дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылыққа тәрбиелеу.	С/р/о «Құрылысшымыз». **Міндеті:**құрылыс материалдары туралы түсініктерін бекіту Еркін ойындар. Балаларды таңдау бойынша шығармашылық іс-шаралар. «Түрлі –түсті ойындар» Дайын құмсалғыштарды қолданып мүсіндеу. Ұсақ моторикасын дамыту. **(мүсіндеу, қоршаған әлеммен таныстыру)** **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу «Асықты тігіп» ойыны **Міндеті:** Асық ойнату арқылы	С/р/о «Қуыршаққа тамақ беру» **Міндеті:**Балаларға тамақтанудың ережесін сақтауға үйрету. Үстел үсті ойындар: «Домино», «Лото», «Пазылдар» логикалық процестерін дамытуға бағытталған ойындар **(құрастыру, танымдық дағдыларын қалыптастыру.** **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» -** мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу **«Құмар түсті» ойыныМіндеті:** Ұмытылып бара жатқан бұл ойын түрін қайта жаңғыртып, насихаттау.

				балаларды мергендікке, ептілікке, жеңіске деген құштарлыққа, намысқойлыққа, дәлдікке баулу.	
Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, үйлесімді сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т. б. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)**				
			Д/о«Сөздерді буынға бөл» **Міндеті:** Белгіленген бір сөздің неше буынға бөлінгенін анықтауды үйрету. Зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. Жанарыс , Әлихан	Саусақ жаттығуы: "Қуырмаш" «Жақсы мен жаман» **Міндеті:** Балалардың саусақ - қол моторикасын, тілдерін дамыту. Шағын топпен	Д /о «Қандай құстың ізі». **Міндеті:** Балалардың зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. Даяна, Мансұр
Серуенге дайындық	Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу, топтық ережелерді қайталау тақырыптардағы балалармен жеке әңгімелер жүргізу: Тәртіптілікке шақыру.Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп, дұрыс бүктеп қоюын қадағалау, қажетінше көмек көрсету. Жүйелі киін **Тыйым сөздер** 1.Бас киімді теріс киюге, лақтыруға болмайды. 2.Киімнің жағасын басуға болмайды. 3.Аяқ киімді,төңкеріп теріс киюге болмайды. 4.Киімді оң қолдан бастап киіп, сол қолдан бастап шешеді				
Серуен	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу қызметі), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қозғалмалы және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек қызметі				
			Қимылды ойын «Аққу қаздар»	Қ/О: *«Кім жылдам?»*	Ойын: «Ақ терек, көк терек»
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешінуі, еркін ойын, іс-әрекет.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық,	Балалардың қызығушылығы мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиеші күні бойы ұйымдастырған түрлі балалар қызметі (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперименттік, еңбек, балалардың өзіндік қызметі, өзіне-өзі қызмет көрсету) түрінде іске асырылады.				

ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)			Еркін ойындар. Балаларды таңдау бойынша шығармашылық іс-шаралар. «Түрлі –түсті ойындар» Дайын құмсалғыштарды қолданып мүсіндеу. Ұсақ моторикасын дамыту. **(мүсіндеу, қоршаған әлеммен таныстыру)**	Еркін ойындар. Балаларды таңдау бойынша шығармашылық іс-шаралар. «Түрлі –түсті ойындар» Дайын құмсалғыштарды қолданып мүсіндеу. Ұсақ моторикасын дамыту. **(мүсіндеу, қоршаған әлеммен таныстыру)**	Еркін ойындар. Балаларды таңдау бойынша шығармашылық іс-шаралар. «Түрлі –түсті ойындар» Дайын құмсалғыштарды қолданып мүсіндеу. Ұсақ моторикасын дамыту. **(мүсіндеу, қоршаған әлеммен таныстыру)**
Балалардың үйге қайтуы			Ата-аналарға кеңес: "Балалармен сурет салуға" қалай үйрету керек екенін айту әңгімелесу	Ата-аналармен шағын орталық күн тәртібі жөнінде сөйлесу	Ата-аналарға отбасы тәрбиесінің балаға негізгі ықпал ететінін түсіндіру

Әдіскер

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: "Жан-Айниет" бөбекжай балабақшасы» жеке мекемесі
Топ : «Балауса» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жастағы
Жоспардың құрылу кезеңі:(апта күндерін, айы, жыл) 31.03-04.04.25 ж.
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
Апта дәйексөзі: Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап. (Абай)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 31.03.25	Сейсенбі 01.04.25	Сәрсенбі 02.04.25	Бейсенбі 03.04.25	Жұма 04.04.25
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу. **ҚР әнұранын орындау** **Ұлттық құндылықты қалыптастыру** **«Асық ату» ойыны** **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы** «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру **Әңгімелесу «Мен жазды қалай өткіздім»** ***(Сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)*** **Міндеті:** Өзге балалардың әңгімесінің маңыздылығына әсер етіп, бір-бірінен жаңалықты білуге	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. **Ұлттық құндылықты қалыптастыру** **«Хан талапай» ойыны** **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы** «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру **Әңгімелесу «Балабақшадағы әдептілік»** ***(сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)*** **Міндеті:**Балалардың бойында мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру.Сұраққа толық жауап беруге жаттықтыру. **Таңғы шеңбер.**	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. **Медбике тексеруі** **Ұлттық құндылықты қалыптастыру** **«Бес тас» ойыны** **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы** «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру **Әңгімелесу «Біздің балабақша – үлкен отбасы»** ***(сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)*** **Міндеті:**Балалардың бойында балабақша қызметкерлері жайлы, олардың қызметтері жайлы білімдерін нығайту,	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. **Ұлттық құндылықты қалыптастыру** **«Ақсерек пен көксерек» ойыны** **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы** «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру **Әңгімелесу, құрылыс ойындары** «Кім балабақшаны тұрғызды» (***Сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру, құрастыру)*** **Міндеті::**Әртүрлі мамандық иелері туралы**,**балабақша туралы білімдерін кеңейту.Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру. Құрастыру	Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. **Ұлттық құндылықты қалыптастыру** **«Бес асық» ойыны** **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы** **«Өнегелі 15 минут»** - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы** **Санамақ** Бір үйде нешеуміз? Кел санайық екеуміз Бас бармағым-әкем, Балан үйрек-анам, Ортан терек-ағам Шылдыр шүмек –

	ықыласын арттыру, өз ойларымен бөлісуге үйрету. **Санамақ жаттығуы** Бір дегенім – бесік, Шықтық содан өсіп, Екі деген – Елім, Далам, тауым, көгім. Үш дегенім – Үміт, Үміт аптар жігіт. Төрт дегенім – төзім, Төзе білем өзім. Бес дегенім – Бақыт, Бағалайтын уақыт. ***(сөйлеуді дамыту, математика. негіздері.)*** **Сөздік қор (минимум)** Бір, елім, үш,бес	Армысың, ардақты Аспан - ата! Армысың, мейрімді Жер - ана! Армысың, шұғылалы алтын күн! Күліп шықты күн бүгін, Қуант бізді таңырқап, Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң, қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін ***(сөйлеуді дамыту, дене тәрбиесі**)*** **Сөздік қор (минимум)** Қайырлы таң,қайырлы күн!	балабақша, топ атауын, нөмірін айта **Артикуляциялық жаттығу** Жел улейді у-у Құйын келіп билейді зу-зу Қатты, қатты жел соқты гу-гу Жапырақтар қол соқты ду-ду ***(сөйлеуді дамыту)*** **Сөздік қор (минимум)** Жел,құйын, отбасы,балабақша	бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай отырып,балабақша құрастыру. **Саусақ жаттығуы** Мына саусақ-анашым! Мына саусақ-әкешім! Мына саусақ-әжем ғой! Мына саусақ-атам ғой. Мына саусақ-мен өзім! Осы менің отбасым. ***(сөйлеуді дамыту, дене тәрбиесі**)*** **Сөздік қор (минимум)** Саусақ, ата,әже	мен Кішкене бөбек-сен. ***(Сөйлеуді дамыту,математика негіздері)*** **Сөздік қор (минимум)** Асық, бас,бармақ
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата -аналармен балалардың үйде күн тәртібін қалай сақтайтындары жайлы әңгіме жүргізу. Ата-аналарға арналған жадынама "Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері".	Әңгіме " Жолдағы қауіпсіздік. Баланы жолда өзін дұрыс ұстауға үйрету оңай ма?" **Қауіпсіздік ережесі**	Ата -аналармен балаларының көңіл күйі, жағдайы жайында сөйлесу. Ата-аналарға кеңес беру "күн тәртібі және оның бала өміріндегі маңызы".	4 жастағы балалардың сөйлеуін дамыту"ата-аналарға кеңес беру	Ата –аналармен балалардың тамақтануы жайлы әңгімелесу. «4 жастағы балалардың жас ерекшеліктері» ата-аналарға арналған кеңес
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа	**«Таныс ертегі кейіпкерлерін ата»** Суреттер арқылы ертегідегі таныс кейіпкерлерді атап,ертегі мазмұнының бөлімін мазмұндайды.	**Сиқырлы қапшық..** Балаларды кезекпен шақырып, қапшықтың ішіндегі екі бірдей затты тауып алуды талап етеді. **Мысалы**: екі доп, екі машина. Балалар қолымен заттарды сипап , бірдей затты	**Санамақ** Бір дегенім – бесік, Шықтық содан өсіп, Екі деген – Елім, Далам, тауым, көгім. Үш дегенім – Үміт, Үміт аптар жігіт. Төрт дегенім – төзім,	**«Аттар тұяқтарымен тарсылдатады»** Балалардың артикуляциялық аппаратын дамыту. Дыбыстық жаттығу жасау арқылы «р» дыбысын анық айтуға жаттықтыру	**Үстел үсті ойындары.** **«Мазайка»** **Мақсаты :** балалардың саусақ моторикасын дамыту.Түстер жайлы білімдерін

іс-әрекеттер)	**(сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру, көркем әдебиет)**	тауып алған соң сипаттап айтады. **(Сөйлеуді дамыту,математика негіздері)**	Төзе білем өзім. Бес дегенім – Бақыт, Бағалайтын уақыт.**(Сөйлеуді дамыту,математика негіздері.)**		кеңейту. **(Сөйлеуді дамыту, шығармашылық іс-әрекет)**
	Д /о: "Гүлді жина" Мақсаты: Балаларды байқампаздыққа, шапшаңдыққа баулу. Мысалы: Гүл күлтелерінің түстерін анықтау Мысалы: Жақсы көремін, сүйемін, құшақтаймын. Мама мерекеңізбен, мен сізді жақсы көремін, сен мені еркелетесің **(сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)**	Сөздік ойын: Жел үрлейді у - у, Құйын келіп билейді гу - гу, Қатты – қатты жел соқты. Жапырақтар қол соқты.	Сөздік ойын: «Иа,жоқ» Мақсаты:жақсы мен жаман қылықтарды айыра білуге қалыптастыру	Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр» мақсаты: геометриялық фигураларды, сандарды бекіту. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)**	Қозғалыс ойын: «Өз орын тап». Балаларды шапшандыққа тәрбиелеу.
Ертеңгілік жаттығу	**Жүру:** Тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу жүру дағдыларын жетілдіру **Тепе-теңдікті сақтау:** Тепе-теңдікті сақтай отырып жүру дағдыларын жетілдіру **Жүгіру:** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, «жыланша», шашырап, тоқтап, белгі бойынша, жылдам, тоқтамай жүгіру дағдыларын жетілдіру **Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:** қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.				
Таңғы ас	**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру:** балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдеткеайналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға,тісінтазалауғаүйрету.Тарақты,қолорамалды пайдаланабілудібекіту. **Тамақтану әдебін сақтау:**тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану,тамақтанып болғаннанкейінауыздышаю.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**"Сәлемдесу" ойын-тренингі** **Міндеті:** балаларға	**"Құпия" ойын-тренингі** **Міндеті:** балаларды этикет нормалары негізінде	**"Не өзгерді?" ойын - тренингі** **Міндеті:** тиімді қарым-	**"Қолдар танысады,қолдар ұрысады. " ойын -тренингі** **.** Жаттығу көздері жабық	**"Көңіл күй" ойын - тренингі** **Міндеті:** бет әлпеті

